

«БЕКІТЕМІН»
«Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы»

ШЖҚ МКК
Байқау кеңесінің төрағасы



Н. Тлепов
«19» / 07 2021 жыл.

«Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

Кіріспе.

Осы стандарт Қазақстан Республикасының 20105 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына», Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 07.04.2021 жылғы әдістемелік ұсынымдарына сәйкес әзірленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (бұдан әрі - СЖҚС) «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ұсынымдар жүйесін белгілеуге бағытталған, сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындау бойынша іс-қимылдарды айқындайды.

СЖҚС қағидааттары: заңдылық, транспаранттылық, әдептілік, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау, мүдделер қақтығысын болдырмау.

Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарының алдын-алу үшін «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК қызметкерлерінің іс-қимыл ұсынымдары.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметтің актілерін және өзге де құқықтық актілерді басшылыққа алу.

2. Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа тілдерде, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау.

3. Адал, әділ, қарапайым болу, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақта, сыпайылық пен әдептілік таныту.

4. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету.

5. Өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмау, сынағаны үшін қудалауға жол бермеу, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалану.

6. Жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау.

7. Шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау.

8. Заңнамада тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарды жасауға жол бермеу;

9. Ұйымда еңбек заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету, еңбек режимі мен жағдайларының сақталуын қамтамасыз ету.

10. Медициналық көмек көрсетудің сапасы мен жеделдігін жақсарту бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау.

11. Көзделмеген құжаттарды сұратып алдыруға жол бермеу, жұмыста кез келген төрешілдіктен (бюрократиядан) аулақ болу.

12. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеген кезде дереу басшылыққа хабарлау.

13. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде кәсіпорынның ақшалай қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсау, Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру, Мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген жеткізушілердің жеткізушісі немесе бірлесіп орындаушысы ретінде қатысуға жол бермеу.

14. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке мүдделіліктің туындағаны туралы, Сыбайлас жемқорлық мінез-құлққа және сыйлықтар алуға көндіру туралы тікелей басшыға баяндау.

15. Жеке сипаттағы мәселелерді шешу үшін мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау.

16. Әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлықтар бермеу және өз өкілеттіктерін пайдалана отырып мүліктік пайда, игіліктер немесе артықшылықтар алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеу.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын ашуға белсенділік таныту.

18. Орындау үшін алынған бұйрықтың заңдылығына күмән туғаны туралы тікелей басшыға жазбаша нысанда хабарлау.

19. Егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшыға хабарлау.

20. Жұмысқа қабылдау кезінде: лауазымды тұлғаларға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру.

21. Мемлекеттік қызметкерлердің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу.

22. Үміткерлерден еңбек шартын жасасу үшін қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу.

23. Қызметкерлерге қатысты қызметтік тексерулерді объективті және жан-жақты жүргізу.

24. Қарамағындағы лауазымды тұлғалар арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу.

25. Қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау.

26. Қарамағындағы қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарын жасауға мәжбүрлемеу.